*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

5 сәуір сенбі
№27 (1832)
2022 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

# БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

**Айтолқын АЙТЖАНОВА**

**Елімізде күннен-күнге базар бағасы шарықтап барады. Жасыратыны жоқ, екі адамның басы қосылса, базардағы бағаны, қымбатшылықты сөз қылады. Себебі айлық азық-түліктен артылмай тұр. Қалтаны қаққан нарық бағасы халықтың ырқына бағынар емес. Кәсіпкерлер мен саудагерлер бағаның қымбаттауын доллар бағамының өсуімен, жанар-жағармай бағасының қымбаттауымен байланыстырады. Алайда бағаны бір көтеріп алған саудагерлер қайтадан түсірмейді. Қазіргі уақытта базардағы бағалар күннен-күнге өсуде. Бұған қашан шектеу қойылады? Әзірге белгісіз. Атқарушы билік бағаны тұрақтандыруға тырысқанмен баға ырыққа көнбей тұр. Бұл жағдай қарапайым халықты қынжылтты.**



## НАРЫҚ БАҒЫНБАЙ ТҰР

Бүгінде қызылордалықтардың көпшілігі азық-түлікті «Асқар», «Ажар», сауда дүкендерінен және «Сұлтан», «Отырар» базарларынан алады. Бұл сауда орындарында да баға әртүрлі. Арнайы араладық. Мәселен, бұл жерлерде картоптың бір келісі – 200-230, пияз – 180, сәбіз – 200, қияр – 800-900, қызанақ – 900-1000, сиыр етінің келісі – 1750, жылқы еті – 2100 теңгеден сатылуда.

Әсіресе, «Асқар» көтерме сауда дүкенінде халықтың қарасы көп. Қарапайым тұрғындардың кәдесіне жарап тұрғаны осы дүкен. Баға да көңілден шығады. Азық-түлік өнімдерін сатып алушылар мұндағы бағаның басқалардан қалтаға қонымды екенін айтады.

– Ай сайын зейнетақымызды алып, осы дүкеннен азық-түлік алып қайтамыз. Ауыл тұрғындарына бағасы тиімді. Дегенмен осы айда базар бағасы шарықтап кеткен. Мәселен, ай сайын 30 мың теңгеге сауда жасайтын болса, бұл жолы 50 мың теңге жұмсалды. Ұнның бағасы да өскен. Өткен айда ғана 50 кг 1 сорттық ұнды 9800 теңгеден алып едік, бүгін 10 мыңнан асқан. Жұмыртқа бағасы да құбылмалы. Құмшекер жеткілікті дегенмен, келісі 480 теңгеден сатылуда. Бағаны көтеріп алады да, кейін тауарлар бағасы түспейді. Күннен-күнге базар бағасы шарықтап барады. Амал жоқ, қажетімізге жарайтын тауарлар болған соң аламыз. Дәл қазіргі сәтте қонақ күту де қиындап барады, – дейді Базаркүл Байдалиева.

Нарыққа бағынбай тұрған бағаны тұрақтандыруға аймақта шаралар қабылдануда. Облыстық ауылшаруашылық басқармасының мәліметіне сүйенсек, бағаны тұрақтандыру мақсатында өңірлік тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Өнім қорларын қалыптастыру мақсатында облыстық бюджеттен соңғы үш жылда 3,4 млрд теңге бөлінген.

Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорында 1570,7 тонна өнім бар. Оның ішінде 344,2 тонна ұн, 154,3 тонна күріш, 35,0 тонна макарон, 320,1 тонна қарақұмық, 68,0 тонна қант, 82,8 тонна картоп, 61,2 тонна пияз, 144,9 тонна сәбіз, 9,2 тонна қырыққабат, 350,9 тонна күнбағыс майы.

**2 БЕТТЕ**





**Ақтілек БІТІМБАЙ**

**Құрманбек БӘКІРҰЛЫ, Ыбырай Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы:**

# «ҒЫЛЫМҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ТЕККЕ КЕТПЕЙДІ»

**– Аға, әңгімемізді өзіңіз шығарған «Маржан» сортынан бастасақ. Оны өндіріске енгізіп, ел игілігіне жарағанына көп жыл болды. Кезінде алыс-жақын шетелге экспортталып, аймақтың абыройын асқақтатты. Әйткенмен облыстың егін шаруашылығы саласында мәселе жоқ емес. Мұның басты себебі неде?**

– Сыр бойындағы ел ХХ ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап күріш шаруашылығын қолға ала бастады. Одан түскен табыс өте жақсы болды. Сыр өңірі кезінде 100 мың гектарға дейін күріш екті. Түрлі себептермен қазір ол біршама қысқарып қалды. 1987 жылға дейін сорт мәселесінде жергілікті жердің төл туындысы өмірге келген жоқ. Сол жылы институт ғалымдары біріге отырып «Маржан» сортын өндіріске енгіздік. Содан бері бұл сорт диқан қауымының көңілінен шығып келді және әлі күнге дейін елдің игілігіне жарауда. Әрине, қазір бұрынғыдай көп егілмейді. Өйткені кез келген сорт ескіреді, оның орнын тиімділігі жоғары жаңа сорт басады. Қазір біздің бренд болады-ау деп үміттеніп отырғанымыз – «Сыр сұлуы» сорты.

**– «Маржан» сортының орнын басар деген біршама сорт шықты. Бірақ әлі айналымға енген жоқ. Себебі?**

– Иә, отыз жылдан бері өңірде ешқандай жаңа сорт осыншалықты кең көлемде өндіріске енген жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қиынға соқты. Бірақ біз ғалымдар, қаншама қиындық болса да қарап отырған жоқпыз. Жаңа сорттарды сынақтан өткіздік. Дегенмен оларды кең ауқымда өндіріске енгізуге ешқандай мүмкіндік жасалған жоқ. Кейіннен көңіл бөлініп, өмірге «Арал-202», «Ару», «Айгерім», «Сыр сұлуы» т.б. сорттар дүниеге келді. «Көш жүре түзеледі» дегендей, қазір бұл жұмысты дамытуға күш салудамыз. Жалпы сорт шығару деген бір күннің жұмысы емес. Дегенмен селекция және тұқым шаруашылығын дамыту біздің негізгі міндетіміз.

**2 БЕТТЕ**

# «БАНКРОТ» деген жақсы ат па?




**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Қала тұрғыны Айымкүл отбасымен ойласа келе көпқабатты пәтерін сатып, жер үйге көшті. Пәтерін сатқан ақша зәулім үй алуға жетпейтіні белгілі. Жаңа үйін кепілге қойып, ипотекалық несие рәсімдеді. Он жыл табысының 80 процентін банкке беріп отыруға келісті. Алайда бұл отбасының банкке баруы мұнымен аяқталған жоқ. Үй болған соң жаңа дүние керек дегендей, майда-шүйде сияқты көрінген тұтыну несиесінің де саны көбейді. Бір күні баласы үйленем деген сүйінші хабарын айтты. Той десе, қарап қалатын қазақ бар ма? Елден қалмай той жасау үшін тағы да банк табылдырығын тоздырды. Бұл жолы отағасының атынан бірнеше миллион несие алды. Несиенің шыжығы той біткен соң басталды. Күн сайын қымбаттаған баға, бір емес, бірнеше несиелер тізбегі, коммуналдық төлем, той-томалақ және басқа шығындар біріне тартса, біріне жетпейтін халге жетті. Қарыздан-қарызға күн кешетін Айымкүлді айналасы шеттетін болды. Қарыз сұрай бергенді кім жақсы көрсін? Бір күні телефонына хабарласқан банк өкілі күн сайын қарыз үстіне қарыз қосылып жатқанын түсіндіре келіп, бұлай жалғаса берсе, кепілдегі жылжымайтын мүлкін сатуға шығаратынын ескертті....

**Бұл бір ғана отбасының басындағы жағдай. Несие тарихы том-томға айналған талай адам бар. Несиеден-несиеге күн кешкен халық енді бір ғана нәрседен үмітті. Ол – «Банкроттық туралы» заң. Заң қабылданса, несиеміз кешірілер ме екен деген үмітпен жүргендер қаншама? Мұнан бөлек, осы несиемізді мемлекет жауып тастаса, енді несие алмас едім деп өз-өзіне уәде беріп жүргендер де бар. Әйтеуір, несие қамытын мойнына іліп алып, тапқан табысы несие төлеуге жетпей жүргендер қатары аз емес. Бұған ел экономикасындағы инфляция, бағаның өсуі де әсер етуде.**

**3 БЕТТЕ**

# СЫРДАРИЯ СУҒА ТОЛДЫ



Жылдан-жылға арнасы кішірейген Сырдария өзенінің ахуалы соңғы бірнеше жылда дүйім елді алаңдатқаны рас. Су тапшылығы аймақтың экологиясы мен ауыл шаруашылығына айтарлықтай зардабын тигізді. Алайда осыдан бірнеше күн бұрын қайырлап қалған жерге қайта су келіп, Сырдария өзені баяғы қалпына оралды. Қуанышты жаңалықты ести сала көзбен көруге асықтық.

Сөйтіп, қала кіреберісіндегі су бөгетіне бардық. Су арқырап ағып жатыр. Қарасаң көзің тояды. Ел тілегі орындалды-ау деп іштей қуандық. Алайда сала мамандарының бұл жағдайға байланысты пікірі мүлдем басқа.

– Өзіңізге белігілі, Сыр өңірінде дария суы азайып, салдарынан былтыр, оның алдыңғы жылдары суармалы егісте су тапшылығы қатты байқалды. Әсіресе, жергілікті өнім күрішке қатысты мәселелер туындады. Бұл жағдайға бірнеше фактор әсер еткен еді. Әуелгісі, Қырғызстан мен Өзбекстан суды жөндеп жібермей қойды, кейінгісі, өзенді жолдан егістік пен өнеркәсіптер шектен тыс пайдалануынан болды. Бүгінде Сырдария қайта қалпына келуде. Бірақ мұның осы деңгейді сақтап тұруы екіталай. Себебі олардың бізге су жіберуіне бір ғана себеп бар. Наурыз айының басында Сырдария өзенінің жоғарғы ағысында Өзбекстан, Тәжікстан республикаларында және Түркістан облысы жауын-шашынды болып, Шардара су қоймасына түскен су көлемі күрт көбеюінен су қоймасындағы су көлемі 5,0 млрд текше метр жетті. Сол су қазір еріп бізге жетуде. Міне бүгін бір апта болды. Жауын-шашын тоқтады. Ал көршілес қырғыз бен өзбек ағайындар егін егуді бастап кетті. Енді су көлемі қайтадан ақырындап азайып жатыр, – деді Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысы Сейілбек Нұрымбетов.

Бастауын қырғыз жерінен алатын Сырдария бассейні Өзбекстанды кесіп өтіп, бізге келеді. Бірақ көріп отырғанымыздай су жыл сайын төмендеп кетеді. Бұл ең алдымен қырғыз жеріндегі Тоқтағұл су электр стансасының толу жылдамдығын төмендетіп, ол жердегі электр қуатын өндіретін стансаға кері әсерін тигізеді. Содан Өзбекстан мен Қазақстан аумағындағы өзен ағысы да бәсеңдеп, егінді суару мүмкіндігі одан сайын азаяды.

Жалпы Сырдария әлемдегі ірі өзендер секілді трансшекаралық өзен саналады. Сол себепті олардың ахуалы су басында отырған елдердің шешіміне тікелей байланысты. Бүгінде бауырлас үш ел арасында Сырдария өзеніне байланысты мемлекетаралық келісімдер жасалып жатқаны мәлім. Алайда жұрт бұл шараның игілігін қашан көреді, оны сала мамандарының өзі дөп басып айта алмай отыр.

– Қазір дарияның арнасы қайта суға толды. Өйткені Шардара су қоймасының толу көрсеткіші жобалық көлемге жетті. Сондықтан су қоймасына түсетін барлық су көлемі дарияның төменгі ағысына уақытша мерзімге транзиттік режимде секундына 1000 текше метр су жіберілуде. Сырдария өзенімен облыс шекарасына 650 м3/сек су түссе, одан Қызылорда, Әйтек, Қараөзек және Қазалы су торабынан төмен су тасталуда. Бірақ Сырдарияның осы қалыпта қанша уақытқа дейін тұруы мүмкін, ол жағын кесіп айту қиын. Биыл Шардара су қоймасына түсетін су көлемі 2,3 млрд. $м^3$ болып, Көксарай су реттегішіне 1,5 млрд.$м^3$ су жиналмаса облыс аумағында егістікке су беру маусымы кезеңінде су тапшылығы болады деп күтілуде. Осы мақсатта вегетациялық кезеңдегі су тапшылығы жағдайында каналдармен алынатын суды үнемді және ұтымды пайдалану мақсатында күріш дақылының көлемін былтырғы жылмен салыстырғанда 20-30 процентке дейін азайту жолдарын қарастырамыз, – деді «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Жорабек Ерназаров.

**P.S.** Сонымен Сырдарияның суы осы қалыпта қалуы екіталай. Дегенмен дария жағалаған елдің өзегін талдырмас үшін ел билігі бірқатар жұмыстары қолға алды. Енді сол іс оңынан шешілсе игі. Өйткені Сырдария тартылса, онымен бірге Сыр бойындағы елдің тыныс-тіршілігі де тарылып, тұрғындардың жағдайы қиындап кетуі бек мүмкін.

**Ақтілек БЕРДІБАЙҰЛЫ,**
Суретті түсірген **Н.НҰРЖАУБАЙ**



**Құрманбек БӘКІРҰЛЫ,**
**Ыбырай Жақаев атындағы «Қазақ күріш шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы:**

# «ҒЫЛЫМҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ ТЕККЕ КЕТПЕЙДІ»

**– Шыны керек, бүгінде отандық сортқа қарағанда ресейлік сортты дамытып жатырмыз ғой. Осы орайда ел арасында «Кейін салық төлейміз бе?» деген кереғар пікір бар. Ресейлік сорттарға неге тәуелдіміз?**

– Сауалың дұрыс. Кеңес одағының кезінде көптеген сорт сынамадан өтті. Жердің құнарлығы, ауа-райының өзгеруі, климаттық жағдай, тағысын тағы. Соның ішінде біздің жерге егуге ыңғайлы бірнеше сорт іріктеліп алынды. Оның ішінде «Кубань», «Лидер» сынды күнделікті қолданыстағы күріш сорттары бар. Олардың тиімділігі сол біздің жер сор, желді, жаңбыр аз жауатын жерде бас-аяғы 110 күнде пісіп шығатынында. Бертін келе өзіміздің сорттарды шығардық қой. Қазір қолданысқа біртіндеп еніп келеді. Насихаттауы да жаман емес. Бірақ бір айта кететін жайт бар.

Бізде «күріш ексең, шыға береді» деген де қате түсінік бар. Негізі мүлдем олай емес. Оны ғылымсыз дамыта алмайтының анық. Қазір Ресейдің сортынан алшақтауға болады. Өйткені сынама жүргізіп, сорттың ең тәуірін алуға мүмкіндік бар. Бірақ жан жағыңды бағамдап алмасаң, соңы қателікке апарады. Кезінде кім көрінген күріш егіп кетті. Ол шаруашылықтарда агроном деген болған жоқ. Осындай мәселемен бетпе-бет келдім. Күріш өсірушілердің бұл жөнінен білімі шамалы. Мәселен, Қазалы ауданында Өзбекстаннан алып келген сортты екті. Ол – өте кеш пісетін сорт. Кем дегенде 150 күнде өнім береді. Дарияның аяқ бөлігіндегі Қазалы және Қармақшы аудандары диқандары негізінен «Кубань» сортын егуі тиіс. Қанша жерден сырттан келген өнімді қолданыстан шығарып тастағымыз келсе де, Ресей ғалымдарының туындысы қаншама жылдан бері мол өнім беріп келеді. Өйткені жаңа айтқанымдай ол 105-110 күнде пісіп үлгереді. Облыстың солтүстік бөлігінде ауа-райы басқаша. Ол өңірде күн ертерек салқындап кетеді. Жалпы күріш егу, сортты одан әрі дамыту үлкен жұмыс пен ақшаны қажет етеді.





Ауыл шаруашылығына ел бюджетінен өте аз мөлшерде ақша бөлінеді. Иә, онымен жаңа сортқа сынама жүргізеріңді, не жұмысшылардың, жас ғалымдардың айлығын төлеріңді білмейсің. Бізде талай талантты, еңбекқор ғалымдар жұмыс істеді. Бірақ көбісі тұрақтай алмады. Былтыр 10 ай бойы айлық алмадық. Содан кейін кімді ұстап тұра аласың? Егер Ресей сортынан арылғымыз келсе, қаржылық қолдау жақсы болу керек. Ұлтарақтай ғана жерді мекен еткен Израйльдің ауылшаруашылығына бөлетін қаржысы біздің бөлінетін қаржыдан 15-20 есеге көп. Осыдан-ақ қазіргі ахуалды бағамдай беріңіз.

**– Жаңа өзіңіз айтқандай, жер қожайыны бүгінде білгенін істейді. Өзі еккісі келген дақылды егеді. Қазір өзі өндіріс пен ғылымда байланыс бар ма?**

– Жоқ деп айтпаймын. Бірақ қазір баяғыдай емес. Жер қожайыны үшін патриоттық сезім деген болмайды. Оған мол пайда түссе болғаны. Әлгінде айтқан Ресей сорттарын егеді. Өйткені бұрыннан үйреніскені сол. Әрі уақыт пен судан үнем жасап, мол өнім ала алады. Сосын экспорттайды. Шетелдік сорттан құтыла алмай жатқанымыздың тағы бір себебі осында жатыр. Әрине, отандық өнімді де егіп жатқандар бар. Бірақ шамалы күш салып, баптауды қажет етеді. Алғашқы жылда тәуір нәтижеге жетпеген соң тағы да Ресей сортына жүгіреді. Кемшілік те осы тұста.

Әрине, ол отандық не шетелдік болсын, сорттың өнімділікті арттыруда мәні зор. Ол дүниежүзілік тәжірибеде дәлелденген. Жақсы сорт болса, өнімділікті 50 процентке дейін арттыра аласың. Еңбекші қауымның бұрынғы сортқа табыс көзі ретінде қарап, айналасынан шықпайтыны сол.

**– Қазіргі күріш сорттарының сапасы сын көтере ме?**

– Жыл санап бәрі өзгеріп келеді. Өңірде көп егілетін «Маржан» және «Кубань» сорттарының өндіріске енгізілгеніне көп болды. Мен «Маржан» сортының авторы ретінде қарсылығым жоқ. Әйтсе де әлі де біздің өңірде егілетін күріштің аз да болса бір бөлігін осы сорт құрап отыр. Жалпы ғылымда 7-8 жылда сорт алмастыру тәжірибесі бар. Ол үшін жаңасы ескісінің орнын толық басатындай болуы тиіс. Сөз басында «Сыр сұлуынан» үміт күтетінімізді айттым. Бұлардың сапасы жақсы. Өнімділігі де жоғары. Біздің климатқа да қолайлы. Жалпы одан өзге де соңғы шыққан сорттардың сапасы тәуір. Қазір аудандарды аралап, осы сорттарды насихаттап жүрміз. Судың тапшылығына байланысты қазір тіпті арнайылап өздері шақыратын болды. Жалпы суды аз пайдаланатын, ауруға төзімді отандық сорттарға сұраныс артып келеді. Кезінде алыс-жақын шетелден неше түрлі сорт әкелініп, біздің жерлерге егілді. Содан жер ластанды. Қазіргі өнімдердің ауруына бұл да бір себеп болып отыр.

**– Сыр бойында су аз қажет ететін дақылдар егу мәселесі әлі де күн тәртібінде. Ол экономикамызға әсер ете ме?**

– Әрине, әсер етеді. Жылдан-жылға Сырдың суы сарқылып барады. Бізде соған қарай ыңғайлануымыз керек. Бүгінде күріштің егістік көлемі біршама қысқарды. Бұдан бөлек, аз күнде, суды аз тұтынатын сорттарды егу қолға алынуда. Оның үстіне қазір судан бөлек, кейінгі жылдарда облыстың ауа-райында да өзгеріс бар. Айналып келгенде, ол да түрлі күріш ауруларының өршуіне алып келді. Ал ауру көбейіп, өнім азайса, экономикаға тікелей әсер етеді. Ішкі қажеттілікті өтеген соң бізде күріш шетелге экспортталады. Жалпы қазір осындай кемшіліктер болмас үшін көшеттеп отырғызуды қолға алдық. Оның да нәтижесі жаман емес.

**– Иә, көшеттеп егуді бастадыңыздар. Ол бос әурешілік емес пе? Сыр бойы күрішті көшеттеп егуге қолайлы ма?**

– Иә, қолайлы. Біз мұны тәжірибеден өткізіп көрдік. Өнімді жақсы береді. Егер бұл әдісті қолға алса, пайданың астында қалуға болады. Бірақ таяқтың екі ұшы болатынындай мұнда да ескеретін жайттар аз емес. Ең бірінші, көшеттеп егу үшін жер тегіс болу керек. Сол тегіс жерге 5 сантиметрден сәл жоғары етіп су толтырады. Сосын арнайы трактормен орналастырып шығады. Ал біздің жерлер бұған қауқарсыз. Өткені жер тегіс емес. Біз ана ойдым-ойдым жерді толтырамыз деп жүргенде су көлемі 5 сантиметр емес, 20 сантиметрден де асып кетуі мүмкін. Өзі оны орналастырғанда да сақталу керек, жерге енгізілетін, жердің бетіне шығатын өлшемі болады. Сол ереже бұзылса, өнім беріп-бермеуі тағы белгісіз. Екінші, бізде көшеттеп егу үшін техника жетіспейді. Күріш еккеннің бәрінде озық технология жоқ. Оның үстіне көшеттеп егуге арналған техниканы Оңтүстік Корея мемлекетінен әкеледі. Айналып келгенде барлығы қаржыға келіп тіреледі. Мемлекеттен қаржы бөлінсе, алдымен құрал-жабдықтар жаңаланады. Әлемнің озық үлгідегі технологиясы пайдалануға жол ашылады. Мамандар білімі мен біліктілігін жетілдіреді. Ақсап тұрғанымыз осыдан.

Жалпы егілген дақылдың 90 проценті өліп қалады. Жүздің 30 проценті шықса үлкен нәтиже. Мысалы, 1 гектарға 7,5 млн дән кетеді. Ал көшеттеп егуде мұны 7-8 есеге үнемдеуге болады. Бұл да шығынды әжептәуір қысқартады.

**– Бір уақыттары Қытай, Филиппин секілді елдерге барып тәжірибе алмастыңыздар. Отандық өнімге тың жаңалық қосуға мүмкіндік болмады ма?**

– Қытай – дүниежүзінде күріш өсіруден алдыңғы қатарлы елдердің бірі. Көршілес Өзбекстаннан да көш ілгері. Қытайда 32 млн гектарға жуық алқапта күріш егіледі. Үндістанда да сол жобалас. Бізде күріш егілетін аумақ мұндай үлкен емес. Бұл елде күріш өсірудің түрлі технологиясы пайдаланылады. Тіпті қолмен егетін жағдайлар да бар. Әрине, техника да қолданылады. Филиппин елінде де осы бағытта нақты жұмыстар жасалады. Ол елде халықаралық күріш институты жұмыс істейді. Онда жоғары деңгейлі мамандар қызмет етіп жатыр. Технологияны жаңалауға да ерекше мән берілген. Италия – Европаны сапалы күрішпен қамтамасыз етіп отырған елдің бірі. Дейтұрғанмен әр елдің өзіне тән ерекшелігі болады. Сондықтан олардың кейбірін өз өмірімізде пайдаланғанмен, кейбірі бізге сәйкес келмейді.

**– Сыр өңірі диқандарының еліміздің күріш өндірісіндегі үлесі қандай?**

– Қазіргі таңда Қызылорда облысының егіншілері еліміздің басым бөлігін күрішпен қамтамасыз етіп келеді. Нақтырақ айтқанда, Қазақстандағы күріш өндірісінің 80-90 процентке жуығы біздің облысқа тиесілі. Иә, бұрынғы жылдарда бізден басқа Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарында да күріш егіліп келді. Әйтсе де соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара ауданы мақта шаруашылығына көңіл бөліп кеткен еді. Қазір олар қайтадан күрішке көңіл бөле бастады. Ал Алматы облысының егіншілері баяғы тіршілігін жалғастырып отыр.

**– Осы өнім деңгейі төмендеп кетті деп жатамыз. Оның төмендеуіне күрішті кеш егудің зияны бар ма?**

– Негізі, біздің өңірде егін егу науқаны мамыр айының соңғы онкүндігіне дейін ғана созылу қажет. Түрлі жағдайлармен күрішті кеш егетін диқандар да бар. Бұл дақыл аялы алақанды өте қажет етеді. Ала жаздай табаны судан босамайды. Түрлі гербицид, минералдық тыңайтқыштар беріледі. Диқандардың жылда дария деңгейіне алаңдап отыратыны рас. Егер дарияда су төмен болса, кеш егілген егістен өнім алу қиынға соғады. Оған қоса, күн қабағы да дақылдың өсіп-өнуіне әсерін тигізеді. Алда-жалда ауа райы суықтау болып жатса, егістің піспей қалуы да ғажап емес.

**– Күріш шаруашылығын дамыту үшін не істесек болады?**

– Ғылым жайында айта берсең, айтар дүние көп. Ғылымды дамыту қомақты қаржыны талап етеді. Ол – қоғамның қай саласына да тән жайт. Оған бөлінген қаражатты текке кетті деп айтуға ешқандай негіз жоқ. Мәселен, ғылым саласына қарастырылған кішкентай қаржының өзі кейін он есе болып қайтады. Сондықтан күріш шаруашылығының өрісін кеңейту үшін мемлекет тарапынан үлкен қолдау жасалғаны артық болмайды.

**– Ашық әңгімеңізге рахмет!**

**Басы 1-бетте**

# БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

## ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕННІҢ ӘУРЕСІ КӨП

Азық-түлік бағасын тұрақтандыру – халық қамы. Осы ретте әлеуметтік дүкендердің септігі мол. Бұл дүкен халықтың қалтасын қақпай, тұрмысын түзеуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта Қызылорда қаласында 36 әлеуметтік дүкен жұмыс істеп тұр. Бұл жерлерде азық-түлік бағалары нарықтан төмен бағада. Мәселен, нан – 55, қанттың келісі – 263, өсімдік майы – 630, картоп – 130, сәбіз – 130, пияз – 80, қырыққабат – 90, 1 сортты ұн – 135, қарақұмық жармасы – 415, күріш – 200, макарон – 200, сиыр еті – 1650, тауық еті – 785, жұмыртқа – 29, сүт – 280, айран – 225, сүзбе –1283, сары май – 2504 және тұз 40 теңгеден сатылуда.

Байқағанымыздай, дүкенге келушілер қатары көп. Қарапайым халықтың игілігі үшін ашылған дүкенге тұрғындар дән риза. Алайда ескі базар жақтағы әлеуметтік дүкеннен байқағанымыз, таңертең сағат 9-00 – де барғанның өзінде кезекте тұрған адам көп. Азық-түлікті өлшеп береді. Мәселен, бір адам 2 келі қант алуға болады. Басқа да азық түрлері 2-3 келіден ғана беріледі. Сонымен қатар азық-түліктер дүкенде бола бермейді. Әлде тез өтіп кетеді ме? Сәбіз алсаң, күріші жоқ. Картоп алсаң, пиязы жоқ дегендей мәселе бар. Сондықтан халық «қант үшін ұзын-сонар кезек күтіп тұрмайын» деген оймен, бәрібір басқа дүкеннен қымбатынан алуға тура келеді.

Яғни, әлеуметтік дүкеннің әуресі көп.

**Басы 1-бетте**

## «БАҒАНЫҢ ӨСУІНЕН БІЗГЕ ЕШ ПАЙДА ЖОҚ»

Базардың қыж-қыж қайнаған ортасында жүріп сатушыларды әңгімеге тартқанды жөн көрдік. Сатып алушылар заттың қымбатտағанын сатушыдан көретіні белгілі. Алайда бүгінгі әңгімеден кейін басқаша көзқарас пайда болды. Базардағы сатушы да біз секілді күнкөрістің қамымен жүр. Осыны да ұмытпағанымыз дұрыс-ау.

Көкөніс сатушылар биыл бағаның біршама өскенін айтады. Тіпті жергілікті өнімдер де түспей тұр. Картоп, сәбіз бағасы былтырғыға қараған да қымбат. Картоптың екі түрі бар. Жергілікті картоп бағасының келісі 200 теңге болса, павлодарлық картоп келісі 230 теңгеден. Оның дәмі тәтті. Сондықтан оған сұраныс көп екен.

– Көкөністің бағасы өткен жылмен салыстырғанда біршама өсті. Дегенмен, халық бағасына қарамай алып жатыр. Жалпы, азық-түліктің қай-қайсысы болса да қымбат болып тұр. Азық-түлік тауарлары бағасының өсу себебі: біріншіден, жанар май бағасының өсуі. Содан кейін доллар қымбаттады. Қазіргі уақытта Ресей мен Украина қақтығысы өзге елдерге де теріс әсерін тигізіп отыр. Соның салдарынан баға тағы да шарықтай түсті. Өнім жеткізуші делдалдардың көп болуы да бағаның өзгеруіне кері әсерін тигізеді. Мәселен, алманы келісіне 400 теңгеден қорабымен алып, 450 теңгеден сатамыз. Бірақ көтерме саудамен айналысатындар бізге берген бағамен өздері сатып, екі есе пайда көреді. Біздің затымыз үстіне қосқан соң қымбат болып келеді де, сұраныс азаяды. Біздің тауарлар өтпейді. Қазіргі уақытта халық та ақша жоқ па, әйтеуір жеміс-жидекке сұраныс азайды. Біз де амалдың жоқтығынан тұрамыз базарда. Үстінен қоятының тиын ғана. Ай сайын төлейтін несие бар. Күнделікті тамағың бар. Бағаның өсуінен бізге еш пайда жоқ. Қымбат тауарды ешкім де сатып алғысы келмейді, – деп ағынан жарылды «Сұлтан» базарының сатушысы. Атын атамауды жөн көрген ақ жаулықты ананың базарда тұрғанына бес-алты жылдан асыпты.

Базар аралап жүріп байқағанымыз, бағаны сатушы емес, алыпсатарлар шешетін секілді. Егер ортада жүрген алыпсатарлар үстінен көп қоймаса, базар бағасы да қолжетімді болады. Себебі сатушылар қымбат өнімін сата алмай, күн өткізгеннен қолжетімді бағамен тезірек тауарын өткізіп айналым жасағаны тиімді. Қалтаға қонымды бағамен тұрақты сатып алушылары да көбейері сөзсіз.

## ҚАНТ ПЕН ҚАҒАЗ ҚЫМБАТ

Иә, елімізде ай сайын бір заттың бағасы көтеріліп, халықты дүр сілкіндіреді. Өткен айда қант бағасы шарықтап, жұрт қантқа таласып әбігерге түсті. «Елімізде қант тапшылығы болмайды» дегенмен, сол қымбат бағаны сауда дүкендері ұстап қалды. Осылайша қант қымбаттап кетті.

Ал осы айдың басында жұрт қағаз таппай әуре. Елімізде кеңсе қағазы қымбаттады. Ақ қағаздың бағасы кей аймақтарда 50% бірден көтерілген. Қазақстанға қағаздың басым бөлігі Ресейден келеді. Ресейдегі өндірістің құлдырауы бағаның күрт өсуіне алып келген. Қаламыздағы кеңсе заттарын сататын «Бағила» көтерме дүкенінде ақ парақтың А 4 түрінің бір қорабы өткен айда 1500 теңгеден сатылса, бүгінде 3500 теңгеден сатылуда. Бұл да халықтың қалтасына кері әсерін тигізері анық.

**Түйін.** Қалай десек те, халық сауда орталығы мен дүкен сөресіндегі бағаға тәуелді. Бірақ соңғы жылдары бағаның өскенін көрсек те, төмендегенін көрмедік. Әсіресе, халық жиі тұтынатын ұн, нан, макарон өнімдері, ет, сүт, көкөністердің бағасы қолжетімді болғанға не жетсін? Әйтеуір, ақша құнсызданып барады. Қалтаға салмақ салған базар бағасы қашан тұрақтанары да белгісіз. Бағаны тұрақтандыру бағытында жұмыстар жасалғанымен, нәтиже байқалмайды. Күнде бір тауардың бағасы аспандап шыға келеді. «Тәуекел, елімізде тыныштық болсын» дейтін қарапайым халық бұған да күннен-күнге көндігіп барады. Қайтеміз? Қымбатшылық халықты қысып барады..

## ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## БОС ЖАТҚАН ЖЕРЛЕР ИГЕРІЛМЕК

**Өткен жылдың соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қаланы аралап, Арай-3 мөлтек ауданына барған еді. Сонда аймақ басшысына қала әкімі Ғанибек Қазантаев игерілмей жатқан біршама бос жерлерді көрсетті. Оны игілікке жарату мақсатында бірнеше жобаның жасалғанын айтты. Осылайша бос жатқан шұңқырды дария табанындағы құммен толтырып, дайын аумақты ұсыну арқылы инвестор тарту көзделді. Бұл ұсынысқа облыс әкімі қолдау танытып, қызу тірлік басталып кетті.**



Соған орай қала басшысы Ғанибек Қазантаев жұмыс барысын көру үшін аталған аумаққа барды. Жағдайды бақылап, алдағы жоспарлар жайын тиісті сала басшыларымен талқылады. Инвестиция салуға ниетті кәсіпкерлермен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Алдағы күндері бұл жерлер дайын болса, инвесторлар бірнеше әлеуметтік нысандарды салу жұмыстарына кіріседі. Бірақ олар оған дейін халыққа қолайлы, нақты жобаны ұсынуы керек. Қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлы жауапты сала басшыларына бұл бағыттағы жұмыстарға күнделікті бақылау жасап, кәсіпкерлермен қажетті шараларды пысықтауды тапсырды.

## АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ – САУАПТЫ ІС

**Көктем келіп, күн жылысымен қаланың саябақтарында ағаш отырғызу жұмыстары жүргізілді. Игі іске мемлекеттік қызметшілер мен қала тұрғындары, волонтерлар өз үлесін қосты.**



Шарада Тағзым алаңы аумағында қалалық ішкі саясат бөлімі, қалалық жастар ресурстық орталығының мамандары және Қазақстан Студенттерінің Альянсының белсенді жастары 150 түп ағаш отырғызды. Белсенділер қалаға жанашырлықпен қарап, қамқорлық танытуды парыз еткен әрбір азаматты өз үйінің ауласына немесе көшенің бойына көшет отырғызуға шақырды.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңесінің құрамын бекіту туралы

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылдағы 2 қарашадағы Заңының 9-бабының 8-тармағына сәйкес, Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңесінің құрамы бекітілсін.

2. «Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңесінің ережесін және құрамын бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 наурыздағы №224-38/4 шешімі жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы И.ҚҰТТЫҚОЖАЕВ**

**Қызылорда қалалық мәслихатының 2022 жылғы 29 наурыздағы №112-17/3 шешімімен бекітілген Қызылорда қалалық Қоғамдық кеңесінің құрамы**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Абизов Ділмұхамед Мінуарбекұлы | Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты, «Далатекст» ЖШС-нің директоры |
| 2 | Алдашбаев Сәкен Мінуарұлы | «Сыр Дидары» газетінің редакторы, «Қызылорда қалалық мүгедектер қоғамы» ҚБ-нің төрағасы |
| 3 | Әлімбетова Орынша Міржақыпқызы | «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қызылорда облыстық ұйымының Қызылорда қалалық комитеті» филиалының төрайымы |
| 4 | Байдаулетов Асхат Нұралыұлы | ҮЕҰ өкілі, «Ел арай» Қоғамдық корының директоры |
| 5 | Дүйсенбаев Серік Әбішұлы | Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы |
| 6 | Есжанов Мейрамбек Кеңесұлы | «Есжанов М.К» ЖК-нің басшысы |
| 7 | Ерназаров Қайрат Шаршыбекұлы | «Қазақстан Халық партиясы» Қызылорда облыстық филиалының мүшесі, «Бақ Береке-2030» ЖШС-нің бас директоры |
| 8 | Еримбетов Серик Кенжебекович | Қоғам белсендісі |
| 9 | Жаппасбаев Ақылтай Палмантайұлы | Су шаруашылығының ардагері |
| 10 | Жаңабергенов Парасат Болатұлы | «Қызылорда қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы |
| 11 | Жарекеева Үйтолған Найзағұлқызы | Қоғам белсендісі, «Рухани жаңғыру» КММ-нің бөлім басшысы |
| 12 | Касымов Тимур Равильевич | Журналист, Қазақстан шахмат Федерациясының ұлттық төрешісі |
| 13 | Кәрімбаев Мұхитжан Исмайұлы | Қалалық мәслихат депутаты, «ҚЭТТК» АҚ Басқармасының төрағасы |
| 14 | Нұридинов Бектас Балғабайұлы | Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары |
| 15 | Садуақасов Жұмабек Абдукәрімұлы | «Садуакасов Ж» ЖК қарасты темір жол тұйығының директоры |
| 16 | Төлеген Бауыржан Төлегенұлы | Қызылорда облысының Десаулық сақтау басқармасының «Көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның бас дәрігері |
| 17 | Шалғынбаева Айткүл Жетібайқызы | Сарапшы, тәуелсіз журналист |
| 18 | Шаукенбаев Асхат Қасымұлы | «БиАли» ЛТД ЖШС-нің директоры |
| 19 | Шек Ирина Николаевна | «Wiedergeburt» (возрождение) Қызылорда облыстық немістер қоғамдық-мәдени орталығы қоғамдық бірлестігінің төрағасы |

# «БАНКРОТ» деген жақсы ат па?

Басы 1-бетте

Бұл бір ғана отбасының басындағы жағдай. Несие тарихы том-томға айналған талай адам бар. Несиеден-несиеге күн кешкен халық енді бір ғана нәрседен үмітті. Ол – «Банкроттық туралы» заң. Заң қабылданса, несиеміз кешірілер ме екен деген үмітпен жүргендер қаншама? Мұнан бөлек, осы несиемізді мемлекет жауып тастаса, енді несие алмас едім деп өз-өзіне уәде беріп жүргендер де бар. Әйтеуір, несие қамытын мойнына іліп алып, тапқан табысы несие төлеуге жетпей жүргендер қатары аз емес. Бұған ел экономикасындағы инфляция, бағаның өсуі де әсер етуде.

Шынында, төленбей қалған несие мәселесі бүгінгі күннің тақырыбына айналды. Жуырда «Qazaqstan» телеарнасындағы «Мәселе» хабарында әріптестеріміз несие жайын егжей-тегжейлі тарқатты. Мұнда қазақстандықтардың бүгінгі қарызы жайлы сандар сөйледі. Атап айталық, 2021 жылдың 1 шілдесіндегі мәлімет бойынша, Ұлттық банк қазақстандықтардың банктерге берешегі 7 трлн, 96 млрд, 772 млн теңге екен. Қазақстанда 9,23 млн адам экономикалық белсенді халық болса, соның 7,5 миллионында несие бар. Тек 1,7 млн тұрғынның басында ғана несие жоқ. Бұлар – бақытты жандар қатарынан болар. Тағы да статистикаға сүйенсек, өткен жылдың соңында қазақстандықтар қайтармаған қарыз көлемі жалпы берілген несиенің 9,7 процентін құраған. Бұл берілген әр несиенің 9-ыншысы қайтарылмауы мүмкін дегенді білдіреді. Сарапшылар қайтпаған несие 10 проценттен асса, банктер қаржылық дағдарысқа ұшырайтынын ескертуде.

Осы орайда «Бірінші несиелік бюросының» атқарушы директоры Әсем Нұрғалиеваның келтірген деректеріне сүйендік. Оның айтуынша, елде кредиттік денсаулық индексі 2022 жылдың басында 62,1 процентті құрап, бір жыл ішінде 3,9 пунктке төмендеген. Бұл индикатор қарыз алушылардың келесі жылы қарызы көбейе түсетінін көрсетеді. Борышкерлердің 18,2 проценті несие төлеу мерзімін 90 күннен асырып жіберген, ал 19,7 проценті әлі белгісіз аймақта. Яғни, бұл азаматтар несие төлеу тәртібі қалай болатынын әлі өзі де білмейтін, алдағы уақытта төлей алатынын болжай алмайтындар санатында. Әлемдегі геосаяси ахуал, валюта бағамының өзгеруі қазақстандық тұтынушылардың ақша жинау және қарызын мерзімінде төлеуіне әсер етпей қоймады. «Бірінші несиелік бюро» статистикасы әзірге несие төлеудің қиындағанын анықтап көрсетпегенмен, несие төлеушілердің несие талабын жеңілдету жағын көбірек сұрайтынын айтады. Мұндай санаттағылар 5-10 процент. Ал қалған бөлігі несиені уақытылы төлемеуден мемлекет бір шешім қабылдар деген үмітте. Қарыз алушылар пікірінше, бүгінде сотқа дейінгі іздестіру шаралары көбейіп кеткен. Қазір тұтыну сегментіндегі берешектің орташа сомасы – 200-250 мың теңге. Осы қарыздың өзі уақытылы төленбеуде, бұл банкроттыққа беруге және несиені қайта қаржыландыратындай емес екені түсінікті.

Қарыздан қажыған ел мемлекеттің жақсылық жасап, қарыздан құтқаруға көмектесуінен үмітті. Алайда бұл ертегідегі алтын балыққа тілегін айтқанмен бірдей десек артық айтқандық емес. Шыны керек, мемлекет бір кездері халықтың белгілі бір санатының несиесін жауып та көрді. Алайда бұл жақсылық суға сіңгенмен бірдей. Себебі қайтадан несиеге жүгінгендер қатары бүгінде көбеймесе азайған жоқ. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетелік, 2019 жылы жарты млн тұрғынның 120 млрд қарызын мемлекет кешірді. Алайда бұл уақыт өте ұмыт болды. Сондықтан сарапшылар халықтың жаппай несиесін кешіру қай жағынан да тиімсіз екенін айтады.




Ал ел мойын созып күтіп жүрген жаңа заңнан үлкен үміт күтеді. Бір қарағанда заңмен ісі жоқтай көрінетін қарапайым халықтың осы заңды асыға күтіп жүргенінен-ақ несие төлеуде бір жеңілдік болар ма екен деген үміт басым. Ал бүгінде жобасы дайын заңның қарапайым халық үшін тиімді тұсы қандай?

Наурыздың 25-і күні Үкіметте Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілетін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң жобасы талқыланды. Қаржы министрлігі заң жобасы бойынша жұмыс аяқталып, 21 заңнамалық актіге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр. Бұл заң жобасы азаматтардың борыш жүктемесін азайту, әлеуметтік шиеленісті жеңілдету, қарыздар бойынша төлемдерді ынталандыру және борышкерлерді өнімді экономикалық қызметке қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген. Заң жобаларын талқылау барысында жұмыс тобының 10 отырысы өтіп, 100-ден астам ұсыныс пен ескертулер қаралған. «Электронды үкімет» платформасы арқылы қойылған 276 сұраққа жауап беріліп, ұсыныстар негізінде заң жобасына өзгерістер енгізілген. Оның ішінде банкроттық туралы өтініштерді беру рәсімі жеңілдетілген, әлеуметтік жағынан аз қамтылған адамдарға мемлекеттік көмек қарастыру, бітімгершілік келісім жасау мүмкіндігі енгізілген. Сондай-ақ банкрот болғандардың қаржылық сауатын арттыру курстарынан міндетті түрде өту қажеттігі де қамтылған.

**Қарыздан қажыған ел мемлекеттің жақсылық жасап, қарыздан құтқаруға көмектесуінен үмітті. Алайда бұл ертегідегі алтын балыққа тілегін айтқанмен бірдей десек артық айтқандық емес. Шыны керек, мемлекет бір кездері халықтың белгілі бір санатының несиесін жауып та көрді. Алайда бұл жақсылық суға сіңгенмен бірдей. Себебі қайтадан несиеге жүгінгендер қатары бүгінде көбеймесе азайған жоқ. Сөзімізге дәлел ретінде айта кетелік, 2019 жылы жарты млн тұрғынның 120 млрд қарызын мемлекет кешірді. Алайда бұл уақыт өте ұмыт болды. Сондықтан сарапшылар халықтың жаппай несиесін кешіру қай жағынан да тиімсіз екенін айтады.**

Бұған дейін заң жобасымен танысқан сарапшылар, экономистер мен ғалымдар өз пікірлерін білдіруде. Мәселен, заң ғылымдарының кандидаты Асқар Қалдыбаев «Капитал» газетінде жарияланған мақаласында заң жобасының кемшін тұстарын атап өтеді. Заңгер-ғалымның пікірінше, банкроттық түрлі жағдайдың әсерімен болуы мүмкін. Өмірдегі түрлі сәтсіздіктер немесе өз еркімен дегендей. Алайда заң банкротты жазалау ұстанымында болмауы керек. Банкрот болған адамның аты-жөні қоғамда жариялануы тиіс. Қоғам ол туралы мәлімет білуі керек. Ал адам тағдыры ше? Заңгердің пікірінше, бұл онсыз да қарыздан қиналған адамға үлкен соққы болуы мүмкін. Психологиясына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Заңгердің айтуынша, заңда адамды жазалау элементтері байқалады. Мәселен, 3 жылға шетелге шығуға тыйым салу. «Кез келген азамат шетелге бір мақсатпен, оқуға, жұмыс істеуге немесе отбасылық мәселелерімен баруы мүмкін. Бұл адам құқын шектеу болып саналады. Банкрот болу мен шетелге шығуға тыйым салу арысында еш байланыс жоқ», – деп жазады заңгер.

**Банкроттық бойынша заң жобасы әлі қаралып жатыр. Мәселен, азаматтың 5 млн теңгеге дейінгі қарызы болса, сонда оны сотқа дейін-ақ шешуге болады. Ал қарызы 5 млн-нан асатын болса, онда ол сотта қаралады. Егер мүлкі кепілге қойылған болса, кредитор тәркілеуге құқы бар. Қазір жалғыз баспанасына тимеу туралы ұсыныс қарастырылуда. Бұл заңда қалса деп ойлаймын. Себебі адамның жалғыз баспанасына тиіспеу керек. Ал енді өзінің басқа да мүліктері болса, қарызын өтеу үшін сататын болады. Бұл электронды үкімет арқылы жүзеге асатыны айтылуда. Яғни, азаматтар ешқайда бармай, электронды үкімет арқылы шешуге мүмкіндік алады.**

Ғалымның тағы бір келіспейтін тұсы – банкрот болған адамға мұнан кейін несие алуға тыйым салу. «Оның бір бизнес жобасы болуы мүмкін. Тиімді бизнес-жобасына қаржылық сектор қызығушылық танытып, несие беруі мүмкін. Бұл мәселені банк өзі шешу керек. Жауапкершілігін де өзі көтереді» деген пікірде. Заң жобасында көрсетілгендей банкрот болған адамның табысын несие өтеуге бөліп, ең төменгі күнкөріс деңгейіндегі соманы ғана өзіне қалдыру да көкейкесті мәселе. «Қазір ең төменгі күнкөріс деңгейі 36 мың теңге. Бір азамат 36 мың теңгемен қалай күн көреді? Не сатып алады? Азық-түлік қалай алады? Отбасын қалай асырайды? Баласын қалай оқытады? Банкроттық адамның кедейшілікте өмір сүруіне әкелмеуі тиіс» – деп жазады заң ғылымдарының кандидаты Асқар Қалдыбаев. Сондай-ақ тұратын үйінен кішірек үй алып беру, көлігін сату секілді тұстардың да кемшілігін атап көрсетеді. «Оның үйі зәулім әрі қымбат үй болса, осындай шешім қабылдаған жөн болар. Ал қарапайым үйді сатудың қажеті жоқ. Бұл бір отбасының өмір салтын бұзады. Сол сияқты көлігі де қымбат көлік болса сатуға келісуге болады. Ал ескі көлігімен ол отбасын асырап отырған шығар» деген пікірі де бар. Бір сөзбен айтқанда, заң жобасына талдау жасаған ғалым қарызын төлей алмаған адамды банкрот деп жариялаудың өзі аз соққы емес екенін, оған түрлі тыйым салу артық екенін жазады. Ғалымның пікірінше, банкрот болған адамды өмірді «таза парақтан» бастап, өзгелер сияқты қалыпты өмір сүруге, қоғамға пайдалы азамат болуына мүмкіндік беру керек.

Ал белгілі экономист Мақсат Халық бұл заңның қажет екенін айтады:

– «Банкроттық туралы» заң қажет. Бұл көптен бері айтылып жүргенмен, кейінге шегеріліп келді. Бұл да түсінікті. Себебі бұл жерде банктік сектордың мүддесі жатыр. Осы уақытқа дейін банктік сектор арқылы қаржы жинақтаған олигархтардың мүддесі десек те болады. Сондықтан да бұл заң осы уақытқа дейін қабылданған жоқ. Қазір сең қозғалды деп айтуға негіз бар. Бұл заңды қазір парламенте қарастыруда. Енді бұл заң не үшін қажет? Менің ойымша, несиені алуын алып, қайтармай қойған кейбір адамдар бар. Оларға қатысты ешнәрсе айтқым келмейді. Бірақ несиені алуын алып, қиын жағдайға тап болып, қайтара алмағандар да, асыраушысынан айырылып, атадан-балаға мұра болып қалған несиелер бар. Осы жағдайларда коллекторлық ұйымдар, сот орындаушылар келіп қысым жасайды. Ол өз еліміздің азаматы ғой. Неге қарызға батқан адамды қыспаққа алуымыз керек? Бұл шара несие берген ұйымның пайдасына шешіліп, азаматтар зардап шегеді. Сондықтан бұл заң шығару болса, қиын жағдайда қалған азаматтарға дем беру. Қаржылық жағдайын қайта түзеуге мүмкіндік беру. Себебі бес жылға дейін ол адамға не сот орындаушысы, не коллектор хабарласпайтын болады. Ол адам бес жыл ішінде қаржылық жағдайын жақсарта алса қарызын төлеуге міндеттеледі. Ал жақсармаса, онда одан ешкім сұрамайды да.

Банкроттық бойынша заң жобасы әлі қаралып жатыр. Мәселен, азаматтың 5 млн теңгеге дейінгі қарызы болса, сонда оны сотқа дейін-ақ шешуге болады. Ал қарызы 5 млн-нан асатын болса, онда ол сотта қаралады. Егер мүлкі кепілге қойылған болса, кредитор тәркілеуге құқы бар. Қазір жалғыз баспанасына тимеу туралы ұсыныс қарастырылуда. Бұл заңда қалса деп ойлаймын. Себебі адамның жалғыз баспанасына тиіспеу керек. Ал енді өзінің басқа да мүліктері болса, қарызын өтеу үшін сататын болады. Бұл электронды үкімет арқылы жүзеге асатыны айтылуда. Яғни, азаматтар ешқайда бармай, электронды үкімет арқылы шешуге мүмкіндік алады.

Ал енді кейбір адамдар құйтұрқылыққа барып, артық жылжымайтын мүлкін туысына сыйға бергендей болып, жасырғаны болса, қосымша әкімшілік-құқықтық айыппұл салу мәселелері де қарастырылуда.

Бұл заң азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға ықпал етеді деп үміттенемін. Әрине, заң қарастыру үстінде заң шыққан кезде нақты айта аламыз. Дегенмен заң біз ойлаған дәрежеде болмаса, азаматтардың банкроттығы туралы жұмыс істейтін мекеме коллекторлық компаниялардан асып түсетін функцияларға ие болмаса екен деймін. Сондықтан бұл процесске жіті қарап, халық игілігі үшін жасау қажет. Тиімді тұсы – жалғыз баспанасын тартып алмайды, арнайы шот ашылады, ешкім оның шотын бұғаттамайды. Сол шотқа өзінің тапқан табысын аударып отырады. Қарызының белгілі бір бөлігін төлеу керек болса, айлығы отбасының күнкөрісіне есептеледі де, үстіндегі қаражат алынып отырады. Банкрот болған адамның шетелге шығуына тыйым салуы секілді ұсыныстар бар. Бұл азаматтарға мұнан кейін несие беру процесі қиын болады.

Бұл ретте қаржылық ұйымдар қандай шешім қабылдауда? Биыл ақпан айында Ұлттық банк базалық ставканы 13,5 процентке көтерді. Мұнан соң екінші деңгейлі банктердің де несие проценті бірден қымбаттады. Сарапшылар пікірінше, несие процентін қымбаттату арқылы елдің несие алуға деген ынтасын азайтады, нәтижесінде баға да түседі. Ресми ақпарат бойынша екінші деңгейлі банктердің несие проценті 18-ден 56 процентке дейін қымбаттаған. Алайда бұл мәселені шеше ме? Ешкім-ешкімге қарыз бермейтін заманда халықтың банкке әлі талай жүгінетіні белгілі.

**Жуырда қалаға қарасты Баймұрат батыр ауылындағы №218 орта мектепте ұлтымыздың ұлы ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай «Ұлттың рухани ұстазы» атты ардагер-ұстаздар арасында жыр мүшайрасы өтті.**




# ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Қалалық білім бөлімі мен ардагер-ұстаздар кеңесінің мұрындық болуымен өткен дүбірлі додаға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы орынбасары К.Ермағанбетова, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Тәуіпбаев, республикаға белгілі ақын-ұстаз Д.Торғаева және басқа да ардагер қонақтар қатысты.

Айтулы аламан басталмас бұрын жиналған ардагерлер мектеп ауласынан ашылған арнайы «Ардагерлер ауласына» ағаш отырғызды. Содан соң мектепте «Тарих. Тұлға» тақырыбында ашылған мұражайдың тұсаукесер салтанатына қатысты. Мұражайдың ашылу лентасын К.Ермағанбетова мен С.Тәуіпбаев қиды. Мұражайда МИС шаруашылығының алғаш іргетасын қалаған басшылар мен Еңбек Ері А.Ахметовтың және де басқа да бақытын еңбектен тапқан жандардың өмір жолдары баяндалып, медаль мен ордендері мұражайдан орын алған.

Міне, осыдан кейін көрермен асыға күткен ардагер-ұстаздар мен оқушылар арасындағы жазба ақындар мүшәйрасы басталды. Жыр сайысына Д.Торғаева, Е.Мұқанов, К.Ерімбетов қазылық жасады. Бір сағатқа созылған жыр додасында бас жүлдені №140 мектептің ардагер-ұстазы Баян Жүсіпбекова иеленді. І орынды №101 мектептің ардагер-ұстазы Қанайым Қазанғапова, ІІ орынды №218 мектептің ардагер-ұстазы Гүлдариха Ахметова жеңіп алды. Ал №138 мектептің ардагер-ұстазы Марал Оспанова жүлделі ІІІ орынға табан тіреді.

Бұл жыр додасы өзінің соны жаңалығымен көрерменді елең еткізді. Ең басты жаңалығы Ахмет Байтұрсынұлының Қызылорда қаласында тұратын туған жиені Манаш Өтегенқызының іс-шараға арнайы қонақ ретінде шақырып, қатысуы болды. Сексеннің сеңгіріне шыққан Манаш Өтегенқызы жиналған қауымға ақ батасын берді.

Айта кетейік, аталған жыр сайысы тағы бір ерекшелігімен есте қалды. Жыр бәйгесіне қатысқан ақын ұстаздар өздерінің өлең жазуға талабы бар шәкірттерін сахнаға шығарып, тырнақалды жырларын оқытты. Бұл сайыста №179 А. Хангельдин атындағы орта мектептің ардагер-ұстазы Мәлике Асамұрат дайындаған 10 сынып оқушысы Айткүл Мырзабай топ жарды. Шара соңында мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлмекен Батырбекова ардагерлер қауымына іс-шараны белсенді ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

# МҰҒАЛІМДЕР ДОП ТЕПКЕН КҮН

**Жуырда №172 орта мектепте футболдан аймақ спортының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлағатты ұстаз Оразбек Ешеновты еске алуға арналған шағын футболдан турнир өтті.**





Турнирге қалалық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Орынша Міржақыпқызы, А.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінің директоры Ғани Сардарбеков, ұстаздың жары Гүлжаһан Кенжетайқызы және достары қатысты.

Аталған турнирде 8 мектеп бақ сынасты. Нақтырақ айтсақ, Абай атындағы үш тілде оқытылатын мектеп, №3 IT мектеп, №11 мектеп-лицей, №15 мектеп-лицей, №23 мектеп-лицей, №144 орта мектеп, №212 мектеп-гимназиясы, №264 мектеп-лицей командалары.

– Білім саласында 37 жылдан аса қызмет атқарған Оразбек Ешенов ағамыздың есімі ардақталып, еске алу турнирі ұйымдастырылғанына қуаныштымыз. Жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Мектеп құрамаларынан жинақталған 8 команданың арасында осалы болмады. Барлығының жүлде алуға деген қарқыны жоғары болды. Ұлағатты ұстазды ұлықтаған турнирдің мәртебесі әрдайым биіктей берсін, – деді Орынша Міржақыпқызы.

Саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған бәсеке ұстаздар арасында өрбіді. Қала мектептерінен жиналған 8 команда жарыстың көркін қыздырды.

Топтық кезеңде ұпайдан шашау шығармаған №3 IT мектеп, №264, Қизатов атындағы №23 және №11 мектеп лицей командалары жартылай финалға жолдама алды. Ақтық сынға сүрінбеген №3 IT мектеп пен №11 мектеп лицей мұғалімдері финалда шеберлік байқасып, Тасбөгет кентінің ұстаздары жарыстың биік сатысына көтерілді. Ал қола жүлде №23 Қизатов мектебіне бұйырды. Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлеріне ауыспалы кубок пен қаржылай сыйақы берілді.

**К.АҚТАН**



# ТӘУЕЛСІЗДІК

Отыз жыл құтты болсын азаттығың,
Ие болған елдікке ғажап күнің.
Ту ұстап тәуелсіздік тұғырында,
Жаһанға мәлім болған қазақтығың.

Нәсіп болған бабалар ерлігімен,
Қорғаған байтақ жерді өрлігімен.
Әлемде тоғызыншы орынға ие,
Даламның мақтанамын кеңдігімен.

Жер жастанған желтоқсан ызғарында,
Ұлың батыр, ержүрек қыздарың да.
Тәуелсіздік төгілген қан мен терің,
Ұмытпайық кеудеде сыз барын да.

Бүгінде еркін елміз егеменді,
Бейбіт күнде жырымды төгем енді.
Жер жүзіне айқайлап жар саламын,
Білсін деп Қазақстан деген елді.

**Мунира АМАНТАЕВА,**
**№222 мектеп оқушысы**

# ҰЯЛМАЙДЫ ЕКЕН-АЙ

**(мазақтама)**

Бекенай ма, бұл мықты,
Қисық ісі көп тіпті.

Кешігеді сабақтан,
Қалмас бірақ тамақтан.

Кейде сабақ білмейді,
Қызармайды, күлмейді.

«Екіліктен» шықпайды,
Бұған қабақ шытпайды.

Осы біздің Бекен-ай,
Ұялмайды екен-ай.

Сабақ оқып жарытпас,
Ойын десе жалықпас.

Тебе-тебе ләңгіні,
Басы да оның қаңғыды.

Шықпас таса бұл сайдан,
Өкшесі де қисайған.

Шашы кеткен жалбырап,
Алдырмайды ол бірақ.

Мұны өзі білмейді,
«Қолым тимей жүр» – дейді.

Осы біздің Бекен-ай,
Ұялмайды екен-ай.

Жаманға қалай қиялық,
Мен жүрмін бұған ұялып.

**Адырбек СОПЫБЕКОВ**



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

# СЫРДЫҢ СЫРЛЫ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**Сыр өңірі тарих пен тағылымға бай өлке. Жүздеген жырау мен жыршының туған жері, Қазақстан тарихында маңызы зор нысандары да осы Қызылорда өлкесінде. Бүгінгі таңда ұлы тұлғалардың өмірімен танысу, тарихи нысандарды аралау мүмкіндігі мол. Ал өз туған жерінің, елінің өткенін білу аса маңызды. Болашақта еліміздің тұтқасын ұстар бүгінгі өскелең ұрпақтың санасына тарихтың қатпар-қатпар кезеңдерін сіңіру аса маңызды. Осы мақсатта жас оқырмандардың назарына Сыр еліндегі сырлы ескерткіштер, тарих саласында ерекше назарға ие нысандар туралы баяндауды жөн көрдік**



Тамыры терең тарихы бар Сыр өлкесі көне ескерткіштер қазынасы тәрізді. Миллиондаған жыл тіршілік нәрі болған Сырдария өзені адамзат тарихының барлық кезеңдерінің куәсі. Сонау палеолит дәуірінен бергі, қола, ерте темір дәуірлері, орта ғасырларға жататын ескерткіштер оның бойынан үзілмей кездеседі. Соның бірі – Бәбіш мола кесенесі.

Б.з.д. І мыңжылдықтың екінші жартысында ежелгі Сырдария арналарының оңтүстік бөлігінде мәдениетті урбанизациялау үрдісі басталады.

Бұл құбылысты суреттейтін ең көрнекті ескерткіш ретінде Бәбіш мола қалашығы мен оның айналасындағы ескерткіштерді алуға болады. Бұл жерде ерте қалалық мәдениетке тән барлық белгілер тіркелген.



Ежелгі сақ тайпаларының негізгі орталықтарының бірі саналған Бәбіш мола қалашығы болып табылады. «Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Бәбіш мола ескерткішіндегі археологиялық қазба жұмыстары» атты ғылыми жоба Сыр бойында 2017 жылдан басталып бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып келеді. Жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі Сақ заманының ежелгі ескерткіші Бәбіш мола қалашығында жүргізілген соңғы зерттеулерге талдау жасай отырып, олардың сырын ашу.

Бәбіш мола оазисіне Жаңадария бойында орналасқан Бәбіш мола қалашығын мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимарат және арналарды жағалай орын тепкен елді мекендер жатады. Елді мекендер ендік бағытта 40 шақырымды, ал меридиан бойынша 15-20 шақырым аралығын қамтиды. Бұл аймаққа Б.В.Андрианов 1957-1960 жылдары бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Елді мекендерде керамика және кварцит сынықтарымен жабылған үйінді немесе аласа келген төбелер түрінде кездесетін ғимарат қалдықтары сақталған. Бәбіш мола маңынан жалпы саны 150 елді мекеннің іздері анықталды, Б.В.Андриановтың пікірінше, олардың жүзге жуығы бір уақытта өмір сүрген болуы мүмкін.

Бәбіш мола қалашығы – бекіністі қабырғамен қоршалған үлкен қалашық. Іргетасы пахсадан тұрғызылса, ал жоғарғы жағы шикі кесектерден өрілген. Қабырғаларын жау алмастай етіп мұнаралар тұрғызып, оларды оқ ататын ойықтармен күшейткен. Қала орталығы солтүстігінде орналасқан, оның көлемі 100*100 м. Биіктігі 2 м болатын қабырғаларын жартылай дөңгелек мұнаралармен бекіткен.

Сыр бойы тұрғындарының көне заманғы ең бір жоғары дамып, кейінгі өркениеттерге негіз болған кезі б.з.д. І мыңжылдықтың ортасынан басталады. Бұрынғы шағын ауыл орнына зәулім қалалар мен ондаған шақырымға созылған су жүйелері мен арықтар, соларды сыртқы жаудан қорғау үшін су және далалық керуен жолдарының бойына биік дуалды қамалдар салынды.

Келесі бір есткерткіш – ортағасырлық Қышқала қалашығы.

«Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы Қышқала қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу қызметі» атты ғылыми жоба Сыр бойында 2018 жылы басталды. Бұл зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін жалғасуда. Жұмыстың негізгі мақсаттарының бірі Алтын Орда дәуірінің көне мұрасы Қышқала қалашығындағы соңғы зерттеулерге талдау жасай отырып, олардың сырын ашу.

Ортағасырлық Қышқала қазіргі Тереңөзек ауданындағы Қоғалыкөл ауылдық округіне жақын жерде, Томарөткелге іргелес орналасқан. Бұл қаланы алғашқы рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.А.Каллаур ашып, оны Кыс-қала немесе тасқала деп атап, оның Перовскден шығып Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25-30 верстінде орналасқаны туралы жазған.

Зерттеу барысында Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық Қышқала қаласының тарихи топографиясына және қазбадан ашылған құрылыстар, барлау кезінде жаңадан ашылған ортағасырлық қалалар мен елді мекендер ғылыми айналымға енгізілгеніне көз жеткіздік.

**Кәмшат БИСЕМБИНА,**
**№222 мектептің тарих мұғалімі**

БАЛА ТІЛІ – БАЛ

## ЖАЗЫҚСЫЗ ОҚУШЫ

Оқушы мұғалімге:
– Кез келген адамды ол істемеген нәрсе үшін жазалауға бола ма?
– Әлбетте, болмайды!
– Рас па?
– Рас.
– Онда мен үй тапсырмасын орындамадым.

## АҚЫЛДЫ БАЛА

Кішкентай бала жүгіріп келіп:
– Апа, апа қайнап жатқан қазанның ішіне тышқан түсіп кетті, – депті. Апасы шошып кетіп:
– Алып тастадың ба? Күйіп қалмадаың ба? Не істедің? – десе, баласы:
– Тышқанды ұстасын деп артынан мысықты салып жібердім, – депті.

## 100 ТЕҢГЕ

Үйіне жүгіріп кірген бала анасына:
– Анашым 100 теңге бересіз бе? – дейді.
– Оны қайтесің балам?
– Бір кәрі апаға берейін деп едім.
– Өй жарайсың балам! Дұрыс, қайырымды болу керек! Ол кісі қай жерде?
– Мына көшенің бұрышында, балмұздақ сатып отыр.

## ЖАМАН ӘДЕТ

Бір кішкентай қыз басбармағын емуді әдетке айналдырады. Анасы қаншама қой деп айтқанмен қойдыра алмайды. Бір күні қызына:
– Тыңда қызым, бұл әдетің жақсы емес. Егер саусағыңды аузыңа салуды тоқтатпасаң ісініп-ісініп, кейін жарыласың, – дейді.
Анасының сөзінен қатты әсерленген қыз бұл әдетін тоқтатады. Бір күні үйіне бір семіз кісі қонаққа келеді. Әлгі қыз келген қонаққа қарап:
– Аға сіздің не істегеніңізді білеміз. Әлі де кеш емес, қолыңызда мүмкіншілік барда бұл жаман әдетті тастасаңыз жақсы болады,- депті.

## ЖАЛҚАУ

Баяғыда екі жалқау болыпты, жалқаулықтары соншалық, тіпті еріндерін қимылдатуға да ерінеді екен. Күндердің күні екеуі алма ағашының түбіне жатып, жатқанда, бірінің көзі көк алмаға түсіп:
– Алма піс, аузыма түс! – депті. Сонда екінші оған:
– Ерінбей-жалықпай соны қалай айттың? – депті.

# КІМ ӨТІРІКШІ?

Әуес пен Орал көрші тұрады. Балабақшаға бірге барады. Бір-бірінен асқысы келіп, кейде дауласып қалатыны да бар. Екеуінің де күшігі бар. Бастарынан құс ұшырмайды. Мақтайды кеп оларды.

Екеуі де балалардан бөлектеу жерде ойнап жүрген. Әңгімені Әуес бастады.

– Әй, Орал, мен саған күшігім туралы қызық айтайын ба? Өзің де таң қаласың. Атамның сонау «Қаракөз» ауылынан алып келген күшігім, қазір дәу төбет болатын сияқты. Өзі менен де ақылды. Тіпті тәрбиеші үйреткен әріптерді менен жақсы таниды, – деп мақтанды.

– Түу, сол да сөз болып па? Сен менің Майлыаяғымды көрсең ғой. Әнеукүні тәрбиеші жатта деген тақпакты ол менен бұрын жаттап алды, – деді сонда Орал.




Қандай үлкен аю деген... Аңшы жігіт мылтығын кезей ұстап тұр. Неге атпайды енді? Қазір аю бас салса ғой... Менің тұла бойым шымырлағандай. Жарқыраған шылымсауыт бетіндегі суретке еліге қараймын.

Менің де осындай шылымсауытым болса, шіркін! Мәжит ағай берер де еді. Танысқанымызға бір апта өтпесе де екеуміз доспыз. Бір рет киноға да ертіп барды... Мынау шылымсауыт бетіндегі аңшы туралы да айтып берген.

Бірақ оны сұрауға болмайды. Анам басқа адамнан бір нәрсе алуға рұқсат етпейді. Қанша жақсы дос болғанмен, Мәжит ағай басқа кісі ғой. Кітап оқудың қызық екенін білемін. Сондықтан келер жылдың тезірек болуын күтіп жүрмін. Келер жылы мектепке барамын. Содан кейін Мәжит ағайға ұқсап...

Міне, ол бір шылымды тартып бітіріп екіншісін тағы тұтатты. Ағайдың танауынан көк бурыл түтін будақтайды. Мен де дәл солай будақтатсам деп қызығамын. Алдымдағы шылымсауытқа бір, Мәжит ағайға бір қараймын. Қолым еріксіз қатар-қатар тізіліп тұрған шылымдарға жақындайды. Біреуін суырып алып аузыма салдым.

– Ау, батыр, мұның қалай?

Оқыс шыққан дауыстан селк еттім.

– Шегейін... – дедім сасқанымнан.

– Жарамайды, жаман болады.

– Неге жаман болады?

– Түтінге уланып қаласың, ауырасың.

– Сіз неге ауырмайсыз?

– Өйткені мен үлкенмін, үйренгенмін...

Ағай көзінде жылы шырай күлкі нышаны сезілгендей. Алдап тұрған сияқты. Сірә, жаман болатыны бекер шығар. Жаман болса өзі шеге ме? Оған күдіктене қарап, шылымды қайта орнына қойдым.

Біраздан кейін ағай киініп, жұмысына кетті. Шылымсауытын ұмыт қалдырыпты. Қаз-қатар тізілген шылымдар...

Үлкен адамдарға қандай жақсы. Қанша шексе де ауырмайды. Сонда балалар неліктен ауырады? Әлде Мәжит ағай әншейін айта салды ма? Қазір біреуін шегіп көрсем қайтеді? Ауыра бастасам, қоя салармын...

Енді оттық табуым керек. Үй ішін шолып шықтым. Көзім қып-қызыл шоғы жайнап жатқан пешке түсті. От!

Ошақ аузына жайғаса отырып, жұмысқа кірістім. Шылымсауыт қасымда, сексеуілдің қызыл шоғына біреуін тигізіп, демде-ақ тұтатып алдым. Сорып байқаймын. Түтін сыздақтап әзер келеді. Әрлі-берлі сорғыштай бастадым. Демімді ішіме каттырақ тартып қалып едім, ащы түтін қолқамды қапты. Қақалып, көзімнен жас шығып кетті. Қолымдағы темекіні отқа тастай салдым.

Базарға кеткен анам әлі кешігіп жатыр. Далаға шығуға рұқсат жоқ. Біраздан кейін көзім шылымға тағы түсті. Мәжит ағайға ұқсап будақ-будақ түтінді шығарып көрмекке тағы бір шылымын алдым. Алғашқыдан батылырақпын. Біраз қақалып-шашалып отырып мұрнымнан түтін шығаруды да үйреніп алдым.

Енді Мәжит ағайдан айнымай қалған сияқтымын. Түтін аузымнан бұрқ-бұрқ шығады. Осылайша үшіншісін бастадым. Қызық бір өнер тапқандай қуаныштымын. Әттең, осы шылымды қалай-қалай бұрқыратқанымды үйдегілер көрсе екен-ау.

Бір уақытта басым айналған сияқты ма, тұтатып алған төртінші шылымым қолымнан түсіп кетті. Жүрегім айнып, буыным құрығандай. Қолыммен жер тіреп, лоқсып қалдым. Қатты булығып, қисайып құлап барамын...

Шошып ояндым. Әлдекім аяғыма ине сұғып алғандай. Алақтаған көзіме бешпентімнің тұтанып жатқан етегі түсті. Алақандай жері ойылып түсіп, қып-қызыл шоққа айналыпты. Ащы көк түтін бұрқырайды. Өрт! Орнымнан қалай қарғып тұрғанымды білмеймін. Далаға тұра қаштым. Есік алдында шешем қарсы ұшырасты.

– Өрт!.. – дейді ол, дауысы шаңқ етіп. Менде әл жоқ, шешемнің жайған құшағына құлап түстім.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, көзімді бір ашқанда үй толы адам екен. Өзімді кереуетке жатқызып қойыпты. Бейтаныс ақ халатты әйел бетіме төне қарайды, дәрігер...

– Анашым, – деймін әлсіз дауыстап.

Біреу басымнан сипайды. Жұмсақ анамның қолы.

– Нешеуін тауысыпты? – деді ақ халатты дәрігер.

– Төрт шылымның тұқылын таптық.

– Міне, шылымқор.

Кенет Мәжит ағайдың дауысын танып, анамның кеудесіне бетімді тасалаймын. Тынысым тарылғандай, демімді ішке тартқым келіп аузымды аша беремін.

– Немене, дем алу қиын ба? – дейді дәрігер. – Никотинмен уланған. Бірақ сіз қорықпаңыз. – Ол анама қарайды. – Ешнәрсе етпейді. Қазір дәрі жазып беремін. Бір-екі күн демалып, таза ауа жұтса жазылып кетеді.

Анамның көзінде жас мөлдірейді. Мәжит ағайдың екі қолы артында, маған салқын қарап қалыпты. Алдамапты. Ауыратыным рас екен. Енді шылымды өмірі ұстамаспын деп сөз бердім өзіме-өзім.

**Рахат НАУРЫЗБАЕВА,**
**балалар жазушысы**

# ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙ МЕ?

Сонау күні терезеден қарасам дала алай-дүлей боран. Атам қара тонын киіп, бетін буынып алыпты.

– Ал құлыным тамағыңды іш те жылы киін. Мен сені балабақшаға апарамын, – деді. Далаға шығуға асықтым. Енді шана теуіп, сырғанап ойнаймын деймін ғой.

Балабақшаның ауласындағы төбеде сырғанақ бар. Шанамды сүйрете бардым. Тәрбиеші Балғын апай: – Ал далаға шығып ойнаңдар, – дегенде далаға асықтым. Алғашқыда суық лек тоңдырып еді, сәлден соң күн жып-жылы боп кетті.

Кешкісін атам екеуміз балабақшадан қайтып келе жатқанбыз. Үйге жақындағанда қарсы алдымыздан кішкентай баланы жетектеген бір апай шыға келді. Жағасын қайырып алған жанындағы балаға атамды нұсқап: – Он дед идет, – деп күбір етті. Түріне қарасам, екеуі де қазаққа ұқсайды. Ыза боп кеттім. Жақындай бере баланың қарсы алдына қойып тұрып алдым да, атамды көрсетіп: – Ол дед емес, менің атам. Ал менің есімім Алмас, – дедім қабағымды түйіп. – Сәлеметсіз бе?! Кешіріңіз, – деді жүзі қызарып кеткен әйел.

– Ата, рахмет, спасибо, – деді кішкентай бала.

Ұзап шыға бере атам мені жерден көтеріп алып:

– Жарайсың, құлыным! Қаны қазақ қой. Тіфә-тіфә, тілім таска, – деп жерге түсірді. – Қазақ болған соң қазақша сөйлетпей ме, ол апай, – дедім ашулана...

**Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ**



Бетті дайындаған
**Аслан НҰРАЗҒАЛИ**
*Суреттер ашық дереккөзден алынды*

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілiп, беттелiп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4258 Тапсырыс №494

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ